

Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелерді, жер учаскелеріне, ғимараттарға реттік нөмерлерін беру талаптарын бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 2 қазанда N 227 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет Департаменті 2007 жылғы 6 қарашада N 1657 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қарашадағы N 335 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012.11.23 N 335 Қаулысымен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы 27-бабы 1-тармағы 21-3) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса берілген Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелері, жер учаскелеріне, ғимараттарға және имараттарға реттік нөмірлерін беру талаптары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары В.Н. Балахонцевке жүктелсін.

3. Осы қаулы бірінші жарияланған күннен бастап, он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2007 жылғы 2 қазандағы N 227 қаулысымен
бекітілді

Солтүстік Қазақстан облысы аумағындағы елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелері, жер учаскелеріне, ғимараттарға және имараттарға реттік нөмірлерін беру талаптары

Осы Елді мекеннің құрамдас бөліктеріне атау беру және атауын қайта өзгерту тәртібін жүргізу жөніндегі ережелерді, жер учаскелеріне, ғимараттарға және имараттарға реттік нөмірлерін беру талаптары (ілгеріде - Ереже) СҚО елді мекендерін, алаңдарды, даңғылдарды, бульварларды, көшелерді, тұйық

көшелерді, саябақтарды, скверлерді, көпірлерді және қала мен елді мекендердің басқа құрамдық бөліктерін атау және қайта атау берудің бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатында, атаулардың ғибарасын өзгерту, жер учаскелері, ғимараттар және имараттардың реттік нөмірлерін беру талаптарын айқындау, көрсеткіштерді орнату және пайдаланудың бірыңғай тәртібін белгілеу мақсатында әзірленді.

1-бөлім. Негізгі ережелер

Ескерту. 1-бөлімге өзгерту енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2009.10.07 N 251 Қаулысымен

1-тарау. Ережеде қолданылатын түсініктер

Осы ережеде келесі түсініктер қолданылады:

мекен-жай - қалалар және елді мекендердің белгіленген шекаралары шегінде, жергілікті орындағы (жер учаскесі, ғимараттар, имараттар) объектінің орналасу (орналасқан жері) деректемелерінің жиынтығын құрылымдық бейнелеу.

аллея - еңбек орындарымен, қызмет көрсететін мекемелер және кәсіпорындармен, жаяу жүргін байланысын қамтамасыз ететін, соның ішінде, қоғамдық орталықтар, демалыс орындары және қоғамдық көліктердің аялдама пунктері шегіндегі негізгі және екінші дәрежедегі жаяу жүргін көше немесе жол;

бульвар - жергілікті маңыздағы көшелер немесе жолдар, қарсы көліктік ағымдар, ол орман саябағының екпе ағаштарымен, жаяу жүргін жолдарымен б ө л і н г е н ;

қосымша салынған объектілер - ғимарат (имарат) қасбетін қайта жанартусыз ғимараттар және имараттарда ұйымдастырылған және бөлек кіру есігін ұйымдастыру объектілері, мұнда ғимараттың (құрылыстың) қайта құрылған бөлігінің функционалдық мақсаты өзгертілуі мүмкін;

ғимарат - адамдардың тұруына немесе ішінде болуына, өндірістік процестерді орындауға, сондай-ақ материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға пайдаланылатын функционалдық мақсатына қарай, міндетті түрде жер бетіне салынып, тұйық көлемді құрайтын, тіреу және қоршау конструкцияларынан тұратын жасанды құрылыс. Ғимарат жер астындағы бөлігі болуы мүмкін.

қала құрылысы элементтерінің санаты - функционалдық қала құрылысының мақсаты және объектінің (ықшам аудан, ғимарат, имарат, көпір, көліктік байлау (сақина), фонтан, шоссе, трасса, даңғыл, көше, бульвар, аллея, қысқа көше, тұйық көше, тұйық және т.б.) ерекшеліктерін сипаттайтын қала құрылысының элементтері атауларының біртұтас бөлігі;

квартал - магистралдық көшелермен, тұйық көшелермен бөлінбеген қосымша құрылыстың құрылымдық элементтері;

ландшафтық-рекреациялық аумағы - қалалық ормандарды, орман саябақтарын, орманды қорғау аймақтарын, сукоймаларын, ауылшаруашылық мақсаттағы жерлерді және тағы басқа жерлер, ол қоныстану аумағында орналасатын саябақтармен, бақтармен және бульварлармен бірге қосылып, ашық кеңістік жүйесін қалыптастырады;

реттелетін қозғалыстың магистралдық жолдары - тұрғын үй құрылысынан тыс жүзеге асырылатын, жүк қозғалысының басым көпшілігі, бөлек бағыттарда және учаскелерде қаланың аудандары аралығындағы көліктік байланысты қамтамасыз ету үшін көзделген жолдар; сыртқы автомобиль жолдарына шығуды қамтамасыз етеді. Бір деңгейде көшелер және жолдармен қиылысады;

жылдам қозғалыстың магистралдық жолдары - сыртқы автомобиль жолдарына, аэропорттарға, жаппай демалыстың ірі аймақтарына және елді мекендерге шығуды қамтамасыз ететін өнеркәсіптік және жоспарлық аудандар арасындағы жедел көліктік байланысты қамтамасыз етуге көзделген жолдар. Әр түрлі деңгейде магистралдық көшелер және жолдармен қиылысады;

жалпы қалалық маңыздағы магистралды көшелер: үздіксіз қозғалыс - тұрғын, өнеркәсіптік аудандар және қала орталығы, сонымен қатар, басқа магистралдық көшелер, қалалық және сыртқы автомобильдік жолдар арасындағы көліктік байланысты қамтамасыз етуге көзделген көшелер. Түрлі деңгейде негізгі бағыттар бойынша көлік қозғалысын қамтамасыз етеді;

реттелетін қозғалыс - тұрғын, өнеркәсіптік аудандар және қала орталығы, жоспарлық аудандардың орталықтары арасындағы көліктік байланысты қамтамасыз етуге көзделген көшелер; магистралдық көшелер мен жолдарға және сыртқы автомобильдік жолдарға шығу. Бір деңгейде, магистралдық көшелермен, жолдармен қиылысады;

аудандық маңыздағы магистралдық көшелер - қаланың тұрғын аудандары арасындағы көліктік және жаяу жүргін байланысты қамтамасыз етуге көзделген көшелер, сонымен қатар, тұрғын, өнеркәсіптік аудандар және қала орталығы; басқа магистралдық көшелерге шығу, сондай-ақ, жоспарлық аудандар шегінде, жаяу жүргін және көліктік байланысты қамтамасыз ету (қоғамдық жолаушы көлігі басымы);

ықшам аудан - қосымша құрылыстың қаланы құрайтын құрылымдық-жоспарлық элементі, ол магистралдық көшелермен бөлінбеген, белгіленген шекарада қоныстану, өндірістік, немесе ландшафтық-рекреациялық аумақ болып табылады;

атау - аудандарға, ықшам аудандарға, даңғылдарға, бульварларға, көшелерге, алаңдарға және оларды бөлуге және тануға қызмет ететін басқа құрылымдық элементтерге берілетін меншікті атау;

ономастикалық комиссия - жағрафиялық объектілердің атауына және олардың атауларын өзгертуге бірыңғай көзқарас қалыптастыру, атауларды қолдану және есепке алуды ретке келтіру, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру және сақтау мақсатында ономастика саласында мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін қала және облыс әкімдігі құрайтын консультативтік-кеңестік орган;

сәулет органы - сәулет және қала құрылысы саласында реттеуді жүзеге асыруға әкім өкілдік берген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

тілдерді дамыту жөніндегі орган - тілдерді дамыту саласында мемлекеттік басқару қызметін жүзеге асыруға әкімдікпен өкілдендірілген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган;

саябақ - қаланың селитебті аумағында ұйымдастырылған және жаппай халықтың демалысы үшін көзделген жалпы қолданыстағы тұйық шекаралармен анықталған бөлек көгалдандырылған қалалық аумақ;

бұрылыс көше, қысқа көше - аудандардың, ықшам аудандардың, кварталдардың ішінде тұрғын және қоғамдық ғимараттарға көлік құралдарына жол ашуды қамтамасыз ететін негізгі немесе екінші дәрежедегі қысқа көше, ол екі көше арасынан өте алатын көліктік байланысты қамтамасыз етеді (екі "т"-түріндегі қиылысты құрайды).

алаң - атауы берілген, тұйық шекарасы бар қала құрылысының элементі;

объектінің реттік нөмірі - объектінің мекен-жай құрылымының элементі: қосымша құрылыс (көше, ықшам аудан және т.б.) аумағының қала құрылысы объектісінің атауы бар, сол немесе басқа құрылымдық элементтерге жатқызылатын нышандары негізінде объектіге берілетін, әріптерді және (немесе) бөлшектерді қосу мүмкіндігі бар, сан реттерінен тұратын, объектінің жай нөмірі;

жапсаржай объектілері - өздік функционалдық мақсаттағы ғимаратқа, имаратқа қосымша үй-жайды салу жолымен ғимараттарда және имараттарда ұйымдастырылған объектілер;

детальдық жоспарлау жобасы (ДЖЖ) - функционалдық-қала құрылысын зоналауды айқындалуымен бірге, аумақтың жоспарлық ұйымдастыруының негізгі бағытын белгілейтін бас жоспар негізінде орындалған, аумақтың қосымша құрылысын жоспарлау жобасы; қосымша құрылыстың қызыл жолақтары және реттеу жолақтары; халықтың әлеуметтік, мәдени және коммуналдық қызмет көрсету объектілерін орналастыруға аумақты резервілеу; көшелік-жол желілері және көліктік қызмет көрсетуді ұйымдастыру, инженерлік коммуникацияларды трассалау; көшелердің көлденең профилі; аумақты көркейту және көгалдандыру; көпшілік қала құрылысының сервитуттары және басқа талаптары;

өндірістік аумақ - өнеркәсіптік кәсіпорындар және олармен байланысты объектілерді орналастыруға көзделген аумақ, оның тәжірибелі өндірісін, коммуналдық-қоймалық объектілерін, сыртқы көліктердің имараттарын қоса отырып, ғылыми мекемелер кешені;

даңғыл - магистралдық жолдар немесе жалпы қалалық маңыздағы магистралдық көшелер;

аудан - әкімшілік-аумақтық құрылыс туралы заңнамаға сәйкес айқындалған Солтүстік Қазақстан облысы құрамында әкімшілік-аумақтық бірлік;

тұрғын аудан бағы - саябақ - қоныстану аумағында ұйымдастырылған қала және үш гектардан он гектарға дейінгі алаңымен халықтың жаппай демалуы үшін көзделген тұйық шекаралармен анықталған, жалпы қолданыстағы жеке көгалдандырылған қалалық аумақ;

санитариялық-қорғаныш аймағы - арнаулы мақсаттағы аймақтарды, сондай-ақ өнеркәсіп орындары мен елді мекендегі басқа да өндірістік, коммуналдық және қоймалық объектілерді жақын маңдағы қоныстану аумақтарынан, тұратын үй-азаматтық мақсаттағы ғимараттар және имараттардан оларға қолайсыз факторлардың әсер етуін әлсірету мақсатында бөліп тұратын аумақ;

қоныстану аумағы - тұрғын үй, қоғамдық (қоғамдық-іскерлік) және рекреациялық аймақтарды, сондай-ақ инженерлік және көлік инфрақұрылымдарының жекелеген бөліктерін, басқа да объектілерді орналастыруға арналған, орналастырылуы мен қызметі арнаулы санитариялық-қорғаныш аймақтарын талап ететіндей әсер етпейтін елді мекен аумағының бір бөлігі;

сквер - қаланың қоныстану аумағында ұйымдастырылған және үш гектардан көп емес алаңда халықтың жаппай демалысына көзделген, тұйық шекаралармен айқындалған жекелеген көгалдандырылған жалпы қолданыстағы қалалық аумақ;

имарат - табиғи немесе жасанды кеңістік шекаралары бар және өндірістік процестерді орындауға, материалдық құндылықтарды орналастыруға және сақтауға немесе адамдарды, жүктерді уақытша орналастыруға (орын ауыстыруға), сондай-ақ жабдықтарды немесе коммуникацияларды орналастыруға (төсеуге, жүргізуге) арналған жасанды жасалған ауқымды, тегіс немесе сызықты (жер үсті, су беті және (немесе) жер асты, су асты) объект. Құрылыс көркемдік-эстетикалық, безендіру-қолданбалы не мемориалдық мақсатта да болуы мүмкін.

трасса, шоссе - қалааралық көліктік байланысты қамтамасыз ететін қалалық сызықтың шегінде магистралдық жолдар немесе магистралдық көшелер; жергілікті маңыздағы көшелер және жолдар;

саябақ жолдары - саябақ және орман саябақтары аумағының шегінде, басым көпшілікте жеңіл автомобиль қозғалысының көліктік байланысын қамтамасыз

е т е д і ;

жаяу жүргін көшелер және жолдар - еңбек орындарымен, қызмет көрсететін мекемелер және кәсіпорындармен жаяу жүргін байланысын қамтамасыз ететін, қоғамдық көліктің демалыс орындары және аялдама пунктері;

қысқа көшелер - аудандар, ықшам аудандар, кварталдар ішіндегі тұрғын және қоғамдық ғимараттарға, мекемелерге, кәсіпорындарға және қалалық қосымша құрылыстан басқа объектілерден көлік құралдарының жүруін қамтамасыз етеді;

тұрғын үй құрылысындағы көшелер - тұрғын аудандар (мөлтек аудандар) аумағында көліктік және жаяу жүргін байланысын магистралдық көшелер және қозғалыспен реттелетін жолдарға шығуды қамтамасыз ететін көше;

ғылыми-өндірістік, өнеркәсіптік және коммуналдық-қоймалық аймақтардағы (аудандардағы) көшелер және жолдар - аймақтар (аудандар) шегінде басым көпшілікте, жеңіл және жүк көліктерінің көліктік байланысын қамтамасыз етеді.

Көшелер және жолдардың қиылысы бір деңгейде орналасады;

көрсеткіш - белгіленген геометриялық нысандағы түсті графикалық бейнелеу, сәуле түсіретін, сәуле беретін, контрасты объектілерді, материалдарды қолданып жасалған, ол түсіндірмелі жазудан, сандардан тұратын бейне түріндегі, сол немесе басқа көшеден, ғимарат немесе имараттың орналасқан жері, орналасуы туралы ақпаратпен азаматтарды қамтамасыз ету үшін көзделген;

қала бөлігі (қала құрылысының элементі) - аудан, қаладағы, алаңдағы, даңғыл, бульвар, көше, тұйық көше, саябақ, тұрғын ауданының бағы, сквер, көпір және қаланың басқа құрамдас бөлігі.

2-тарау. Аудандардың ықшам аудандарына, көшелерге, даңғылдарға және елді мекендердің басқа құрамдық бөліктеріне, атау беру (қайта атау), атауларының ғибарасын өзгерту

Елді мекендердің бөліктеріне атау кеңістікте оларды бөлуді және тануды қамтамасыз ету үшін беріледі.

3. Елді мекендердің бөліктеріне атау беру келесі кезеңдер бойынша жүргізіледі:

сәулет органы тілдерді дамыту жөніндегі органға оларға атау берілмеген немесе кеңістіктегі орналасқан элементінің сызбасын қоса беріп, қала және елді мекен бөліктерінің тізімі; бір мезгілде тізімді көрсетілген тізіммен бірге, сәулет органы, жылжымайтын мүлік объектілерінің (бар болса), сырып тастау салдарынан жойылған көшелердің тізімін береді.

2) тілдерді дамыту жөніндегі орган қала құрылысы объектісінің атау беру немесе қайта атау мәселесі жөніндегі арыз-шағымдардың түсу сәтінен бастап, 15 күн ішінде облыстың қала бөліктері және елді мекендеріне атау беру (қайта атау)

мәселелерін шешу үшін ономастикалық комиссияның мәжілісін (мәжілістерін) ұйымдастырады ;

3) ономастикалық комиссия - географиялық объектілердің атауына және олардың атауларын өзгертуге бірыңғай көзқарас қалыптастыру, топонимикалық атауларды қолдану мен есепке алуды ретке келтіру, Қазақстан Республикасы тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган ;

4) қала және елді мекендердің бөліктеріне атау беру (қайта атау) туралы жергілікті атқарушы органдардың және жергілікті өкілетті органдардың ортақ шешімдері, міндетті түрде қала құрылысы элементтерінің кеңістіктегі орналасу сызбасы және оның нақты анықталған шекарасы мемлекеттік органдарға және басқа да ұйымдарға қоса жіберіледі.

4. Елді мекеннің бір бөлігіне бірнеше атау беру жіберілмейді. Даңғылдарды (көшелерді, тұйық көшелерді, қысқа көшелерді) отыз градустан асыра бұрған жағдайда есепке алынбайды; бұл жағдайларда қала бөлігінің бұрылыс орнынан жеке атау беру рұқсат етіледі.

Бір санаттағы бірнеше қала құрылысы элементтеріне бір атау беру рұқсат етілмейді .

5. Қала құрылысы элементін (даңғылдарды, көшелерді) табиғи бөгеттер (өзендер, сайлар және т.б.) қиған жағдайда, қала құрылысы элементтерін жаңадан жасалатын учаскелерге бөлек атау беру рұқсат етіледі.

6. Қала аумағын кезеңмен игеру жағдайында, уақыттағы берілген қала құрылысы элементтерін нақты қалыптастыру кезеңіне және қосымша құрылысқа сәйкес жекелеген, қисынмен байланысатын атаулар жеке учаскелерде қала құрылысы элементтерін бөлуге рұқсат етілмейді.

3-тарау. Облыстың қалалары және елді мекендерінде жер учаскелеріне, ғимараттарға және имараттарға реттік нөмірлерін беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалануға беру

7. Облыс қалалары және елді мекендерінде жер учаскелеріне, ғимараттарға және имараттарға реттік нөмірлерін беру, көрсеткіштерді орнату және пайдалануға беру облыстың қала және елді мекендері аумағында ықшам аудандардың, көшелер, ғимараттар, имараттар және тағы басқа объектілер орнын (орналасуын) анықтаудың бірыңғай жүйелерін қалыптастыру үшін көзделген.

8. Солтүстік Қазақстан облысы аумағында орналасқан әр жер учаскесінің, ғимараттың және имараттың өздік бірегей мекенжайы болуы тиіс.

Жер учаскесіне, ғимарат пен имаратқа реттік нөмірді беру ауданның,

облыстық маңызы бар қалалардың тиісті сәулет органдарымен жүргізіледі.

9. Осы ережеге сәйкес реттік нөмір берілетін жылжымайтын мүлік объектілері мыналар:

- 1) жер учаскелері (игерілмеген және құрылыс салынған);
- 2) ғимараттар;
- 3) имараттар.

10. Облыстың қалалары және елді мекендерінде үйлер, ғимараттар және имараттар қасбетінде үйлері, ғимараттары, имараттары, даңғылдары, көшелері, тұйық көшелер қиылысында, алаң периметрі бойынша келесі тұрпатты көрсеткіштер орналасады

- көше атауларының көрсеткіші (1, 2, 3 санатты);
- ықшам аудан атауының көрсеткіші
- көше қиылысында (қиылыста) тікелей орналасатын көше атауларының бұрыштық көрсеткіші;
- ғимараттың, имараттың реттік нөмір көрсеткіші.

11. Ғимараттардың және имараттардың реттік нөмірін беру, көшелердің, ықшам аудандардың көрсеткіштері, облыстың қала және елді мекендері аумағында орналасқан көше атауларының бұрыштық көрсеткіштері, міндетті түрде белгіленген тәртіпте бекітілген осы Ережеде және тұрпаттық нобайда көзделген техникалық талаптарға сәйкес болуы тиіс.

4-тарау. Реттік нөмірді беру талаптары

12. Ғимараттың, имараттың, жер учаскесінің реттік нөмірі - сандар тізбегінен тұратын әріпті (А, Б, В, Г және т.б. есімдікті алып тастаса, мысалы, "Я" әрпі, қиын айтылатын әріпті (дыбысы жоқ) қосу мүмкіндігімен не сандарға ұқсас (Ә, Ғ, Е, Е, Ж, З, Й, Қ, Е, Ө, е, Ү, Х, Һ, Ц, Ч, Ш, Щ, Ы, Ы, І, Ы) немесе қосымша бүтін сандардың бөлшек белгісі арқылы тұратын объекті мекенжайының деректемесі болып табылады.

13. Егер бір жер учаскесінде бірыңғай сәулет ансамбілін жасайтын немесе сәулеттік - құрылыстық кешеннің бір бөлігі болып табылатын екі немесе одан көп ғимараттар, корпустар, құрылыстар, имараттар тұрғызылса, әріптер ғимараттардың, корпустардың, құрылыстардың, имараттардың реттік нөміріне қосылады.

14. Егер, ғимараттар, корпустар, құрылыстар, имараттар кварталдың ішінде болған жағдайда және ғимараттар, корпустар, құрылыстар, имараттар қасбеттерінің бірде-бірі қала магистралдарына шықпаған жағдайда, қосымша толық сандардың бөлшек таңбасы арқылы ғимараттардың, корпустардың, құрылыстардың, имараттардың реттік нөміріне қосылады. Мұнда негізгі реттік

нөмірден кейін ғимараттардың, корпустардың, құрылыстардың, имараттардың реттік нөмірі сол нөмірлеуге жататын ғимараттарға, корпустарға, құрылыстарға, имараттарға ең жақын деген реттік нөмір қабылданады.

15. Ғимараттар, имараттар және тағы басқа жасанды құрылыстың мекенжайы келесі міндетті деректемелерден тұруы тиіс: көшелер атаулары, ғимараттың, корпустың немесе құрылыстың, имараттың реттік нөмірі.

16. Жер учаскелеріне шартты мекенжай беріледі, ол келесі міндетті деректемелерден тұруы тиіс: көшелер немесе ықшам аудан атаулары, жер учаскелерінің реттік нөмірі.

17. Объектінің мекенжай құрылымы объектінің тұрпаты және орналасқан жеріндегі жағрафиялық орнымен анықталады: ғимарат, имарат, жер учаскесі.

18. Аудан атауы қала аудандарының және Солтүстік Қазақстан облысы елді мекендерінің бекітілген атауларына сәйкес беріледі.

19. Ықшам аудандар, өндірістік аймақтар, табиғатты қорғау кешені атаулары (тарихи және сәулет ескерткіштері ансамблі), реттік нөмірі анықталатын объектінің орны, егер де объекті белгіленген шекте тиісті ықшам аудандарда, өндірістік аймақта, табиғатты қорғау кешенінде орналасқан жағдайда объектінің мекенжайына қосылуы мүмкін.

20. Даңғылдар, көшелер (бұрылыс көшелер, алаңдар) атаулары, оған қатысты нөмірленетін объекті, облыстың қалалары және елді мекендерінің көшелері атауларының ресми тізіміне сәйкес және көшелердің, тұйық көшелердің, алаңдардың ресми мекенжайлық сызбасына, тұйық көшелердің, жолдардың және алаңдардың атауларын нақтылай отырып, нөмірленетін объектінің позициялық ұсынымына және көше-жол желілерінің элементтеріне сәйкес қабылданады.

21. Облыс қалалары және елді мекендері көше атауларының ресми тізімі және даңғылдардың, көшелердің, тұйық көшелердің, алаңдардың ресми мекенжайлық сызбасына және электрондық түріндегі басқа құрылымдық элементтері мемлекеттік қала құрылысы кадастры базасында ГАЖ негізінде геоақпараттық жүйелерді (ілгеріде - ГАЖ) жүргізу жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын, мемлекеттік мекемелерде немесе кәсіпорындарда құрылады және жүргізіледі, материалдарды, соның ішінде мұрағаттық, атау беру туралы, облыс қалалары және елді мекендері аумағында қала құрылысының объектілерін және элементтерін қайта атау.

22. Жер учаскесінің, ғимараттың, корпустың, құрылыстың, үймереттің реттік нөмірі жобалау немесе құрылыс үшін жер учаскесін кесіп беру жөніндегі рұқсат құжаттамаларын дайындау кезеңінде ГАЖ деректерімен объектінің реттік нөмірі алдын-ала келісу жөніндегі сәулет органымен бекітіледі.

Жер учаскесінің, ғимараттың, корпустың, құрылыстың, үймереттің реттік нөмірі сәулет органымен өзгертілуі мүмкін, егерде, жекелеген объектілерді сыру

нәтижесінде объектілерді нөмірлеу қаланың бір бөлігінен он бірліктен аса үзіледі (ж о ғ а л а д ы) .

23. Ғимараттардың (үйдің) реттік нөмірін беру және нөмірленуі оңтүстіктен солтүстікке қарай үздіксіз құрылыс майданын жасайтын және магистралдарда орналасқан, көшенің сол жағынан тақ сан нөмірлері және оң жағында жұп нөмірлерімен жүргізіледі.

24. Реттік нөмірлерін беру және батыстан шығысқа қарай бірыңғай құрылыс құрайтын және магистралдарда орналасқан ғимараттардың (үйлердің) нөмірленуі батыстан шығысқа қарай көшенің сол жағында тақ сандармен және оң жағында жұп сандармен жүргізіледі.

25. Санаты әр түрлі көшелердің қиылысында орналасқан ғимараттарға, магистралды көшелердің жіктемесіне сәйкес, санаты жоғарырақ көше бойынша реттік нөмір беріледі.

26. Санаты тең көшелердің қиылысында орналасқан ғимараттарға ғимараттың бас қасбеті қарайтын көше бойынша реттік нөмір беріледі. Егер бұрышқа бір ғимараттың тең екі қасбеті қараса, қаланың ортасына қарай бағытталған көше бойынша реттік нөмір беріледі. Егер ғимараттың бас қасбеті ауланың ішінде орналасса, ғимарат қай көшенің бойына созылады сол көше бойынша реттік нөмір беріледі.

27. Алаңның периметрін құратын ғимараттарға реттік нөмір беру, бас магистралдан бастап, орталық жақтан сағат бойынша жүргізіледі. Егер бұрыштағы ғимаратта басты қасбет болса және қатарлас көше бойынша айтарлықтай ұзын болса, оны нөмірлеу алаң бойынша емес көше бойынша жүргізіледі.

28. Қала аумағында жаңа құрылыс аумағы табиғи қалыптасса және бұл жағдайда осы Ереженің 36, 37 тармақтарын орындау мүмкін болмаса, ондай аумақтардағы реттік нөмірді және ғимараттарды (үйлерді) нөмірлеуді кейін қарай, солтүстіктен оңтүстікке қарай немесе шығыстан батысқа қарай, көшенің оң жағында тақ нөмірлермен және сол жағында жұп нөмірлермен беруге жол беріледі.

29. Жер учаскесінің аумағында берілген аумақта орналасқан ғимараттардың, имараттардың нөмірленуі соған салыстыра жүзеге асырылатын негізгі ғимарат анықталады. Негізгі ғимараттың реттік нөмірі белгіленген көшелер жіктемесі есепке алынып анықталады.

30. Жер учаскесінің аумағында орналасқан басқа да ғимараттарға, имараттарға Ережеге сәйкес негізгі ғимараттың және корпусының немесе құрылыстың қосымша нөмірі беріледі.»Корпус»немесе»Құрылыс»көрсеткіші қажет болғанда, олар орналасқан жер учаскесі аумағының функционалдық пайдалануын есепке алып, ғимараттардың функционалдық арналуына және

жақындағы ғимараттардың қалыптасқан нөмірленуіне байланысты анықталады

31. Ғимараттарды нөмірлеу бас ғимараттың орналасуын есепей отыра, басты кірме жолдан бастап, жер учаскесі аумағына жүргізіледі.

32. Жеке және заңды тұлғаға меншік құқығына, жалға алу құқығына немесе басқа да заттық құқығына тиесілі жер учаскесінде бір немесе бірнеше жылжымайтын нысандар салғанда, әр нысанға сол реттік нөмір, бірақ корпустың немесе құрылыстың қосымша нөмірін қосу арқылы беріледі.

33. Алдында кезекті нөмірлермен (нысандарды қыстыруды) нөмірленген екі ғимараттардың, құрылыстардың арасында орналасқан ғимараттарды нөмірлеуді, осы ережеге сай тиісті нысанның кіші нөмірін пайдаланып, оған әріпті немесе бөлшектің белгісін қосу арқылы жүргізу керек.

34. Өздік объектілердің (ғимараттардың, құрылыстардың) белгілері бар жапсарлас және ішіне енгізе жапсарлас объектілер негізгі ғимараттың нөміріне бөлім белгісі арқылы қосымша толық санның жеке реттік нөмірі беріледі.

35. Дуалдар, көпірлер, қазбалы шұңқырлар, құдықтар, қазбалы қоймалар, аулалық көпіршелер, тротуарлар және осыларға ұқсас нысандардан басқа имараттарға, ғимараттың, құрылыстың немесе ол орналасқан жер учаскесінің (негізгі ғимараты жоқ болған жағдайда) реттік нөмірі, имарат көрсеткішін және имараттың нөмірін қосу арқылы беріледі.

36. Игерілген, бірақ нөмірленбеген жер учаскелеріне осы жер учаскесінің шегінде салынған ғимараттың, имараттың нөмірі беріледі.

37. Бірнеше ғимарат, имаратта, басқа нысандар бір жер учаскесінің аумағында орналасқан жағдайда, жер учаскесіне негізгі ғимараттың, имараттың н ө м і р і б е р і л е д і .

Игерілмеген жер учаскелеріне осы Ережеге сәйкес жай реттік нөмір беріледі, бұл ретте мынадай шартты сақтау керек: әр жер учаскесінде өзінің бірегей реттік нөмірі болады және жер учаскелеріне реттік нөмірлер жер учаскесінің қайсібір қала құрылысы бірлігіне (көшеге, даңғылға, алаңға) қарасты болуы (жатуы) белгісі негізінде беріледі.

38. Нөмірленген игерілмеген жер учаскесінің аумағында жаңа ғимарат, имарат, салынғанда нөмірлеудің жалпы реті сақталған жағдайда салынатын нысанға осы жер учаскесінің шартты реттік нөмірі берілуі мүмкін немесе осы Ереженің талаптарын сақтап, жаңа жеке реттік нөмірі берілуі мүмкін.

39. Жаңадан салынатын ғимараттарды (имараттарды) реттік нөмірлеу және бар нысандардың реттік нөмірлеріне өзгерістер енгізуді ДЖЖ және ГАЖ деректері негізінде сәулет органы жүргізеді.

40. Жер учаскелерін мемлекет қажеттілігіне алып қоюға байланысты жүргізілетін қарқынды бұзу аумақтарында, жобаланатын ғимараттар, имараттар үшін реттік нөмірлерді резервке қоюға жол беріледі.

5-тарау. Мекен-жай құрылымының стандарты

41. Объекті мекенжайының құрылымы мынадай талаптарға сәйкес болу керек :

мекенжайдың деректері дедуктивті әдіспен (жалпыдан жекеге) қатаң түрде белгіленген тәртіппен жазылып көрсетіледі; мекенжай» терминінен кейін болатын»:» (қос нүкте) бөлгіштен кейін көрсетілген деректемелерден тұратын мәтін бөлігі нысанның мекенжайы болып т а б ы л а д ы ;

объектінің мекенжайы мемлекеттік, орыс және басқа тілдерде жазылады; объектінің мекенжайын жазғанда қала құрылысы элементінің санатын қ ы с қ а р т у ғ а б о л а д ы :

| | | |
|-----------------------|---|-------------------|
| а у д а н | - | (а у д .) |
| ы қ ш а м а у д а н | - | (ы қ . а у д .) |
| а л а ң | - | (а л .) |
| ш о с с е | - | (ш о с .) |
| т р а с с а | - | (т р .) |
| д а ң ғ ы л | - | (д ң ғ .) |
| к ө ш е | - | (к .) |
| б у л ь в а р | - | (б у л .) |
| а л л е я | - | (а л л .) |
| қ ы с қ а к ө ш е | - | (қ . к .) |
| б ұ р ы л ы с к ө ш е | - | (б . к .) |
| т ұ й ы қ к ө ш е | - | (т . к .) |

объектінің мекенжайын жазғанда қаланың және әкімшілік ауданның атауын көрсету арқылы мекенжайды толық жазуға, сондай-ақ қысқартуларды пайдалану арқылы былай жазуға болады: қала (қ.), аудан (ауд.);

мекенжайды жазғанда қала құрылысы элементінің (ықшам ауданның, алаңның, көшенің және т.б.) бекітілген атауы толық жазылуы керек.

М ы с а л ы :

Мекенжай: Петропавл қаласы, Пушкин көшесі, 110, 51 пәтер;

42. Бір объектіге қаланың бірнеше бөліктеріне қатысты бірнеше мекенжай беруге болмайды.

6-тарау. Ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлері көрсеткіштерін, көшелер және ықшам аудандар атаулары көрсеткіштерін, көшелер атауларының бұрыштық көрсеткіштерін орнатуға қойылатын талаптар
Жалпы талаптар

43. Ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлерінің, көше атауларының және ықшам аудандар атауларының көрсеткіштері үйлердің қасбеттерінде мынадай ретпен орнатылады:

1) жаңадан салынған ғимараттарды пайдалануға тапсырғанда: тапсырыс беруші сәулет органына жүгінеді, ол ҚАЖ деректері негізінде ғимаратқа (имаратқа) реттік нөмір береді және мекен-жайға тиісті нысан (ғимарат, имарат) қай даңғылға, бульварға, көшеге жағрафиялық тіркеледі соның дұрыс аталуын анықтайды;

сәулет органынан алынған деректер негізінде алдын ала келісілу бойынша өз қаражаты есебінен ықшам аудан және (немесе) көше атауы көрсеткішінің, ғимараттың (имараттың) реттік нөмірі көрсеткіші нобайының жобалау құжаттамасының құрамында ғимараттың (имараттың) реттік нөмір көрсеткіш, көше, кешен, аудан атауының көрсеткішін осы Ереже талаптарына сәйкес жасайды және орнатады;

2) ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлері, көшелері, ықшам аудан атаулары өзгерген кезде, ғимараттар мен имараттардың реттік нөмірлері, көше атаулары көрсеткіштері, ықшам аудандар атаулары көрсеткіштері және басқа да көрсеткіштерді ауыстыру және орнату сыртқы жарнама және ресімдеу жөніндегі органмен ГАЖ деректері негізінде жүргізіледі.

44. Ғимараттардың, имараттардың реттік нөмірлері, көше және ықшам аудандар атауларының көрсеткіштерін орнату мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

45. Салынып жатқан (тұрғызылатын) ғимараттар және имараттар қасбеттеріне ғимараттар және имараттардың реттік нөмірлері, көшелер атаулары көрсеткіштерін және ықшам аудандар атаулары көрсеткіштерін орнатуға және дұрыс орналасуына тапсырыс берушілер жауапкершілік тартады.

46. Қасбетіне көрсеткіштер орналасқан қасбетте ғимаратты (имаратты) бұзғанда, көрсеткіштің құны ғимаратты (имаратты) бұзуға кеткен шығындардың құрамына кіреді және кімнің бастамасымен бұзылу тиісті болды, сол ғимараттың (имараттың) меншік иесіне (баланс ұстаушыға, пайдаланушыға) белгіленген тәртіппен өтеледі.

47. Бірнеше бұзылғандардың орнында тұрғызылған ғимараттардың (имараттардың) қасбеттерінде көрсеткіштерді осы Ереженің шарттарына сай сәулет органымен келісіп орнатылады.

48. Көрсеткіштер жол белгілерімен, сыртқы жарнама құралдарымен бір тасушыда (тіректе, құрылғыда) және олармен бірлесіп орнатылмау керек. Көрсеткіштерді бағдаршамдардың тірегіне орнатуға болады.

49. Көрсеткіштер тәулік уақытына тәуелсіз ажыратылуы тиіс.

Көшелер атауларының көрсеткіштері

50. Көше атауларының көрсеткіштері көшелердің (көше қиылысындағы) қиылысатын жерінде орналасқан ғимараттарда және имараттарда орналасады.

51. Көше атауларының көрсеткіштері көшелерге шығатын, қиылыстар құратын ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде, жер бетінен 2,5-тен 3,0 метр биіктікте, қиылысқа шығатын ғимараттың немесе имараттың бұрышынан 25-30 сантиметр қашықтықта орналасады. Тек қана екі қиылыс арасындағы қашықтық бес жүз метрден аса қашықтықты құраса, екі ілгеріде орналасқан көше атауының көрсеткіштері арасындағы қашықтық аталған мөлшерден аспау керек.

52. 1 санаттағы көше атауларының көрсеткіштері, жылдам және реттелетін қозғалысының магистралды жолдарына, 1 санаттағы көше атауы көрсеткішінің үлгілік нобайына сәйкес келетін, жалпы қалалық маңызы бар магистралды көшелерге шығатын барлық ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

53. 2 санаттағы көше атауларының көрсеткіштері, 2 санаттағы көше атауы көрсеткішінің үлгілік нобайына сәйкес келетін, аудандық маңызы бар магистралды көшелерге, жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдарға шығатын барлық ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

54. 3 санаттағы көше атауларының көрсеткіштері, 3 санаттағы көше атауы көрсеткішінің үлгілік нобайына сәйкес келетін, жеке тұрғын үйлер құрылысы нысандарына жататын барлық ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

Ықшам аудандар атауларының көрсеткіштері

55. Ықшам аудандар атауларының көрсеткіштері, ықшам ауданға жататын көшелердің қиылысатын жерінде (көше қиылыстарында) орналасқан, ықшам ауданды шектейтін көшелермен немесе ықшам ауданды шектейтін көшелер және ықшам ауданға кірме жолдармен құрылған шартты қиылыста орналасқан барлық ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

56. Тек қана екі қиылыстың арасындағы қашықтық бес жүз метрден көп болғанда есепке алынбайды, екі ілгеріде орналасқан ықшам аудан атауларының көрсеткіштері арасындағы қашықтық аталған мөлшерден аспау керек.

57. Ықшам аудандар атауларының көрсеткіштері ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде, жер бетінен 2,5-тен 3,0 метр биіктікте, қиылысқа немесе шартты қиылысқа шығатын ғимараттың немесе имараттың бұрышынан 25-30 сантиметр қашықтықта орналасады.

58. 1 санаттағы ықшам аудандар атауларының көрсеткіштері, ықшам ауданды шектейтін жылдам және реттелетін қозғалыстың магистралды жолдарына, 1 санаттағы ықшам аудандар атауы көрсеткішінің үлгілік нобайына сәйкес келетін, жалпы қалалық маңызы бар магистралды көшелерге шығатын барлық ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

59. Ықшам аудандар атауларының көрсеткіштері, 2 санаттағы көше атаулары көрсеткішінің үлгілік нобайына сәйкес аудандық маңызы бар магистралды көшелерге, жергілікті маңызы бар көшелер мен жолдарға шығатын ықшам ауданды шектейтін барлық ғимараттардың, имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

60. Ғимарат пен имараттың қасбетінде ықшам аудан атауының көрсеткіші орнатылған жағдайда, көше атауының көрсеткіші орнатылмайды.

Объектілердің реттік нөмір көрсеткіштері

61. Ғимараттың, имараттың реттік нөмірінің көрсеткіші көшенің тақ жағында сол жақ бетте, ал көшенің жұп жағында оң жақ бетте әр ғимараттың немесе имараттың қасбетіне, жер бетінен 2,5-тен 3,0 метр биіктікте, үйдің бұрышынан 25-30 сантиметр қашықтықта орналасады.

62. Егер ғимараттың, имараттың қасбетінде көше немесе ықшам аудан атауының көрсеткіші орналасса, ғимараттың, имараттың реттік нөмірінің көрсеткіші көлденеңінен көше немесе ықшам аудан атауының көрсеткішінен кейін орналасады.

63. 1 санаттағы ғимараттың немесе имараттың реттік нөмір көрсеткіштері, жылдам және реттелетін қозғалысының магистралды жолдарына, 1 санаттағы ғимараттың немесе имараттың реттік нөмір көрсеткішінің үлгілік нобайына сәйкес келетін, жалпы қалалық маңызы бар магистралды көшелерге шығатын барлық ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

64. 2 санаттағы ғимараттың немесе имараттың реттік нөмір көрсеткіштері 2 санаттағы ғимараттың, имараттың реттік нөмір көрсеткішінің үлгілік нобайына сәйкес аудандық маңыздағы магистралды көшелерге, жергілікті маңыздағы көшелер мен жолдарға шығатын ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

65. 3 санаттағы ғимараттың және имараттың реттік нөмірінің көрсеткіштері 3 санаттағы ғимараттың реттік нөмір көрсеткішінің үлгілік нобайына сәйкес жеке тұрғын үй құрылыс нысандарына жататын ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде орнатылады.

Ықшам аудандар және кварталдар ішінде 3 санаттағы ғимараттың немесе имараттың реттік нөмір көрсеткіштері 3 санаттағы ғимараттың, имараттың реттік

нөмір көрсеткішінің үлгілік нобайына сәйкес квартал ішіндегі қысқа көшеге шығатын ғимарат немесе имарат қасбеттерінің сол жағында жер бетінен 2,5-тен 3,0 метрден аспайтын биіктікте, үйдің бұрышынан 25-30 сантиметр қашықтықта орналасады.

Көшелер атауларының бұрыштық көрсеткіштері

66. Көшелер қиылысатын жерде (көше қиылыстарында) орнатылатын көше атауларының бұрыштық көрсеткіштері (аншлагтар) көшелердің тікелей қиылысатын жерінде (көше қиылыстарында) орналасады және биіктігі 4 метрден аспайтын металл тіректерге орнатылады.

7-тарау. Қосымша талаптар

67. Жер учаскелеріне, ғимараттарға және имараттарға берілген реттік нөмір жөніндегі деректер ГАЖ ақпараттық деректер базасында міндетті түрде тіркелуі т и і с .

68. Реттік нөмір уақытша мақсаттағы нысандарға, шаруашылық құрылыстарға, жеке тұлғалардың меншігіндегі және гараж кооперативтерінің, қоғамдарының құрамына кіретін гараждарға, қаланың инженерлік инфрақұрылым нысандарына, бақ және бақша учаскелеріне берілмейді.

69. Уақытша мақсаттағы нысандардың өзінің реттік нөмірі болмайды, бірақ тұрақты нөмірі бар, қатар орналасқан нысанмен салыстырып, олардың орналасқан жерін анықтап, нақтылауға болады.

70. Тиісті бақ өсіру және саяжайлық (бақшалық) учаскелер құрамына енетін гараждардың орналасқан жерін анықтау осы кооперативтер, қоғамдар басқару органдарының шешімімен белгіленеді, бұл жағдайда әр нысанға жеке нөмір беріледі. Тиісті басқару органдары болмаған жағдайда, жеке нөмір беруді сәулет о р г а н ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

71. Ұйымдар дайындайтын және шығаратын құжаттарда нысандардың реттік нөмірлері туралы деректерді толтырғанда жер учаскелерінің, ғимараттардың және ғимараттардың реттік нөмірлерін еркін жазуға тыйым салынады.

72. Ғимараттардың және имараттардың қасбеттерінде орнатылған осы Ереже талаптарын бұзатын көрсеткіштерді ғимараттың (имараттың) меншік иелері (баланста ұстаушылары) немесе оны күтіп ұстаушылар, ол болмаған жағдайда - сыртқы жарнама және ресімдеу органы қайта монтаждауға тиіс.

8-тарау. Қажетті құжаттардың тізбесі.

72-1. Жылжымайтын мүлік объектілеріне мекен-жай беруге немесе өзгертуге мүдделі тұлғалар аудандардың және Петропавл қаласының сәулет жөніндегі атқарушы органдарына өтініш білдіреді.

72-2. Жеке тұлғаларға арналған келесі құжаттар өтінішке қоса беріледі: жеке куәлік (көшірме), салық төлеушінің куәлігі (көшірме), жер учаскесіне, ғимаратқа, имаратқа құқық куәландыратын құжаттар (нотариалды расталған көшірмелер), құрылысқа, имаратқа техникалық паспорт (көшірме), объектінің орналасуының жағдайлық сызбасы (көшірме).

72-3. Заңды тұлғаларға арналған келесі құжаттар өтінішке қоса беріледі: заңды тұлғаны тіркеу куәлігі (көшірме), салық төлеушінің куәлігі (көшірме), жер учаскесіне, ғимаратқа, имаратқа құқық куәландыратын құжаттар (нотариалды расталған көшірмелер), құрылысқа, имаратқа техникалық паспорт (көшірме), объектінің орналасуының жағдайлық сызбасы (көшірме).

72-4. Өтінішті қарау мерзімі өтініш берген сәттен бастап 10 күннен аспауы тиіс.

Ескерту. 1-бөлім 8-тараумен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2009.10.07 N 251 Қаулысымен

2-бөлім. Қорытынды ережелер

73. Осы Ережені меншік нысаны және ведомствалық бағыныштылығына қарамастан жеке және заңды тұлғалардың орындаулары міндетті.

74. Ережемен қамтылмаған қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларымен реттеледі.